«Гранд Тауэр Сервис» ЖШС

Заңды мекен-жайы:
Алматы қаласы, Достық қиылысы, 38

БИН/ЖСН: 040740015961
ЖСК: KZ846017131000017775
БСК: HSBKKZKX
Банк: «Қазақстан Халық банкі» АҚ

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕСЕП

Республикалық «АСЫЛ МҰРА» дәстүрлі өнер фестивалін ұйымдастыру және өткізу ұйымдастыру және өткізу туралы

Шымкент, 2025 ж.

«Гранд Тауэр Сервис» ЖШС

Заңды мекен-жайы:
Алматы қаласы, Достық қиылысы, 38

БИН/ЖСН: 040740015961
ЖСК: KZ846017131000017775
БСК: HSBKKZKX
Банк: «Қазақстан Халық банкі» АҚ

Орындаушы:

«Гранд Тауэр Сервис» ЖШС

БИН 040740015961

Алматы қаласы, Достык даңғылы, 38

Атауы

Республикалық «АСЫЛ МҰРА» дәстүрлі өнер фестивалін ұйымдастыру және өткізу

Келісімшарт № 16

2025 жылғы 18 сәуірдегі №16 келісім шарт

Есепті дайындаған

«Гранд Тауэр Сервис» ЖШС БИН 040740015961

Алматы қаласы, Достык даңғылы, 38

АҚПАРАТ

Республикалық «Асыл мұра» дәстүрлі өнер фестивалі – Қазақстанның ұлттық мәдениетін, халықтық шығармашылықты және дәстүрлі өнерді кеңінен насихаттауға бағытталған маңызды мәдени жоба. Фестиваль 2025 жылғы 27 қыркүйекте Шымкент қаласындағы «Қызғалдақ» сарайында, еліміздің түрлі өңірлерінен келген 31 кәсіби әртістің басын қосты.

Фестивальдің басты мақсаты – қазақ халқының бай рухани мұрасын сақтау, дәстүрлі өнерді дамыту және оны қазіргі заман талаптарына сай кең аудиторияға қолжетімді ету. Іс-шара аясында дәстүрлі музыкалық орындаушылық (жыр, терме, күй), фольклорлық қойылымдар, ұлттық би, қолөнер туындылары және этномәдени көрмелер ұсынылып, көпшілікке жан-жақты рухани құндылықтар таныстырылды.

Шарт талаптарын сапалы орындау және фестивальді жоғары деңгейде ұйымдастыру мақсатында Жеткізуші тарапынан кешенді ұйымдастырушылық және шығармашылық жұмыстар атқарылды. Шартқа қол қойылғаннан кейінгі он бес күнтізбелік күн ішінде Тапсырыс берушіге жоба тұжырымдамасы, брендтік жарнамалық материалдар, сценарий, егжей-тегжейлі бағдарлама, мақсаттар мен міндеттер, іске асыру жоспары, қатысушылар туралы мәліметтер, сахналық безендіру нобайлары, бейнематериалдар және полиграфиялық өнімдердің макеттері қоса берілген толық жобалық құжаттама ұсынылды.

Фестиваль шымылдығын «Шымкент концерт» концерттік ұйымының Қазақ ұлт-аспаптар оркестрі ашып, оларға ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ректоры Арман Жүдебаев дирижерлік етті. Көрермен назарына Нұрғиса Тілендиевтің «Махамбет» және Құрманғазының «Сарыарқа» күйлері ұсынылып, тыңдармандарға ерекше әсер сыйлады.

Үш сағатқа созылған концерттік бағдарламада дәстүрлі ән, күй, жыр жанрында 30-ға жуық белгілі өнерпаз өнер көрсетіп, ұлттық өнердің бай қырларын паш етті. Шараны фольклортанушы ғалым Берік Жүсіп жүргізіп, әрбір туындының тарихи негізін, мазмұны мен көркемдік ерекшеліктерін көрерменге тереңінен таныстырды.

Фестиваль барысында Қазақстанның халық әртістері Айгүл Үлкенбаева, Секен Тұрысбеков, Рамазан Стамғазиев сынды өнер майталмандары ерекше қошеметпен қарсы алынды. Сонымен қатар, көптен бері көрерменін сағындырған Гүлмира Сарина, Сәуле Жанпейісова, Айгүл Елшібаева сынды дәстүрлі әннің майталмандары ұлттық әуендерді әуелете шырқап, халықтың ыстық ықыласына бөленді.

Шымкент қаласы әкімдігінің қолдауымен өткен «Асыл мұра» фестивалі дәстүрлі өнерді ұлықтаудағы жылдың маңызды мәдени оқиғаларының біріне айналды. Фестиваль ұлттық өнердің асыл арқауын бүгінгі ұрпақпен қайта қауыштырып, рухани мұрамызды жаңғыртуға елеулі үлес қосты.

Техникалық сипаттамасы және қызмет көрсетуге қойылатын талаптар бойынша орындалған жұмыс туралы шығармашылық есеп

1. Өнім беруші Республикалық «АСЫЛ МҰРА» дәстүрлі өнер фестивалін (әрі қарай – іс-шара) ұйымдастыру және өткізу бойынша төменде көрсетілген егжей-тегжейлі құжаттамалардың тұжырымдамасын (жобасын) сапалы қызмет көрсету мақсатында электронды көшірмелерін конкурстық құжаттамаға қоса тіркеді:

Тұжырымдама құрамына кірген негізгі элементтер:

1. **Кеш жүргізушілері** – іс-шараның жүргізушілері туралы ақпарат.
2. **Өнерпаздар** – концерттік бағдарламаны орындаушылар, жеке орындаушылар мен дуэттер.
3. **Салтанатты іс-шара сахнасының эскизі** – сахнаның жобалық макеті, орналасуы, құрылымы және техникалық жабдықтары. Сахнаның үш түрлі дизайндағы 3D эскизі (көлемдік сипаттамасы көрсетілген кемінде 4 ракурс);
4. **Фотозона** - «Қызғалдақ» сарайының фойесіне арнайы орнатылған, «Асыл Мұра» фестивалінің ресми логотипі негізінде, дизайнында ұлттық нақыштағы элементтер мен фестивальдің айрықша түстік реңктері үйлестіріліп жасалған көркем композиция.
5. **Типографиялық брендтелген өнімдер** – бейджиктер және арнайы шақыру билеттері, басқа ақпараттық материалдар.
6. **Бағдарлама** – хронометражы екі сағаттан кем емес кештің бөліктері мен хронологиялық реті.

КЕЛІСЕМІН
Шымкент қаласының мәдениет, тілдерді дамыту және архивтер бөлімі басқармасының «Мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру» КММ директоры

_____

Асыл мұра

БЕКІТЕМІН
«Гранд Тауэр Сервис» ЖШС директоры

_____ Ержанұлы Е.

«АСЫЛ МҰРА» — ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСТЫ, ТАРИХИ ЖАДЫМЫЗДЫ ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ МУЗЫКАЛЫҚ МҰРАМЫЗДЫ ДӘРІПТЕЙТІН ӨНЕР ФЕСТИВАЛІ.

МАҚСАТЫ: ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӘН-КҮЙ ӨНЕРІН, ЖЫР-ТЕРМЕ ДӘСТҮРІН, КҮЙШІЛІК МЕКТЕПТЕРІН, ҰЛТ МӘДЕНИЕТІНІҢ АСЫЛ ЖАУҺАРЛАРЫН КӨПШІЛІККЕ НАСИХАТТАП, ОНЫ ЗАМАНАУИ САХНАДА ЖАҢАША СЕРПІНМЕН КӨРСЕТУ.

ӨТЕТІН ОРНЫ:
ШЫМКЕНТ Қ. «ҚЫЗҒАЛДАҚ» САРАЙЫ

САЛТАНАТТЫ ІС-ШАРА САХНАСЫНЫҢ ЭСКИЗІ

Асыл мұра

КЕШ ЖҮРГІЗУШІЛЕРІ

БЕРІК ЖҮСІП
ФОЛЬКЛОРТАНУШЫ,
ЖЫРШЫ

СЫМБАТ ОРЫНТАЙ
ЖҮРГІЗУШІ

ӨНЕРПАЗДАР

ҰЛЖАН БАЙБОСЫНОВА

ТАЛҒАТ МҰҚЫШЕВ

НҰРЖАН ЖАНПЕЙІСОВ

ГҮЛМИРА САРИНА

АСЫЛБЕК КЕНЕГЕСОВ

САЛТАНАТ ҚҰДАЙБЕРГЕН

НҰРКЕН ӘШІРОВ

СЕКЕН ТҰРЫСБЕК

ЖҮЗБАЙ ЖАНҒАЛИ

БАТЫРЛАН ӘБЕНОВ

АЙТОЛҚЫН ТОҚТАҒАН

ЕРКІН ШҮКІМАН

Асыл мұра

АЙГҮЛ ҮЛКЕНБАЕВА

РАМАЗАН СТАМҒАЗИЕВ

СӘУЛЕ ЖАНПЕЙІСОВА

АЛМАС АЛМАТОВ

САЯН АҚМОЛДА

ЕРЛАН РЫСҚАЛИ

ЖАКЕН ОМАРОВ

АЙГҮЛ ЕЛШІБАЕВА

ҒАЛАМАТ БИСЕҚОЖА

ТЕМІРБЕК АСҚАМБАЕВ

ЕРБОЛ ХАЛМҰРЗАЕВ

Асыл мұра

ИСАЕВ ШЫҢҒЫС

АҚЖОЛ ӨСЕРБАЙ

ТҰРАР ӘЛМЕНОВ

РУСЛАН АХИНБЕКОВ

АЛМАСҚОЖА МҰЗАППАРОВ

ЖАНДОС ҚҰЛЫМБЕТОВ

ОРАЗӘЛІ ЖАҢАБАЕВ

МАРАТ АНАШЕВ

«ҚЫЗҒАЛДАҚ» САРАЙЫНЫҢ ФОЙЕСІНЕ ОРНАТЫЛАТЫН ФОТОЗОНА

ТИПОГРАФИЯЛЫҚ БРЕНДТЕЛГЕН ӨНІМДЕР

1.1 Республикалық «АСЫЛ МҰРА» дәстүрлі өнер фестивалінің сценарийі

Өтетін уақыты: 27 қыркүйек, 2025 жыл, сағат 15.00	**Өтетін орны:** «Қызғалдақ» сарайы

Сахна тақырыпқа сай безендірілген. Сахнада LED экран эскизге сай орнатылған. Сахнада «Сүгір» атындағы ұлттық аспаптар оркестрі орналасады. Сахна пердесі ашылады.

Іс-шара жүргізушілері: Берік Жүсіп, Сымбат Орынтай

15.00-15.05	-	*Нұрғиса Тілендиев «Махамбет». Орындайтын «Сүгір» атындағы ұлттық аспаптар оркестрі. Дирижері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Арман Жүдебаев.*
15.05-15.10	-	**Фанфар** ***Жүргізушінің шығуы (Сымбат Орынтай)*** - Армысыздар, қадірлі өнер сүйер қауым! Жампоз жорғадай жайқалған жырға ұйып, киелі домбыра шанағынан құйылған күй күмбіріне шалқыған, аққу қанатында асқақтаған әнмен қалықтаған қазақ халқының рухани қазынасын, ата-бабамыздың аманат етіп қалдырған асыл өнерін ұлықтайтын **«Асыл мұра» дәстүрлі өнер фестиваліне** қош келдіңіздер! Бұл фестиваль – ғасырлар қойнауынан жалғасып келе жатқан ән мен күйдің, терме мен жырдың асыл дәстүрін жаңғыртып, оның өшпес құндылығын айшықтайтын рухани мереке. Алғашқы құттықтау сөз Шымкент қаласының әкімі **Сыздықбеков Ғабит Әбдімәжитұлына** беріледі.
15.10-15.15	-	**Құттықтау сөз** Шымкент қаласының әкімі **Ғабит Әбдімәжитұлы Сыздықбековтың** құттықтау сөзі
15.15-15.18	-	*(Сымбат)* Бүгінгі сахна төрінде еліміздің түкпір-түкпірінен келген өнер иелері ұлттық мәдениетіміздің шынайы

		байлығын паш етіп, сіздерге рухани қуаныш пен ерекше әсер сыйлайды. Қадірлі ағайын! Кешімізді ашық деп жариялай отырып, баршаңызды дәстүрлі өнердің ғажайып әлеміне бірге саяхаттауға шақырамыз! Ардақты ағайын! Бүгінгі өнер мерекесінің маңызын арттырып, шырайын кіргізетін қадірлі қонағымызға сөз тізгінін бергім келіп отыр. Белгілі фольклортанушы ғалым, эпикалық жыршы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент. Ол – «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының, халықаралық ТҮРКСОЙ-дың «Мұрагер» сыйлығының лауреаты, «Құрмет» орденінің кавалері – Берік Жүсіп, қошаметтеріңіз!
15.18-15.20	-	*Жүргізушінің шығуы (Берік Жүсіп)* *Кіріспе сөз.*
15.20-15.24	-	Алмас Алматов Нұрмаханұлы — жыршы. А. Алматов, «Жыр бастау»
15.24-15.28	-	Жандос Құлымбетов — домбырашы. Төлеген Момбеков, «Қанағат»
15.28-15.31	-	Ерлан Рысқалиұлы Рысқали — әнші. Иса Байзақов, «Желдірме»
15.31 -15.35	-	Салтанат Құдайбергенова — домбырашы. Махамбет Өтемісов, «Қиыл қырғыны»
15.35-15.38	-	Ербол Халмурзаев — сырнайшы. Тұрар Байсарыұлы, «Ынтымақ қайда сонда бақ»
15.38-15.41	-	Талғат Мұқышев — сыбызғышы. Халық күйі «Ертіс толқыны»
15.41-15.46	-	Айгүл Елшібаева — әнші, термеші. Н. Нұржаубайұлы, «Жыр бастау»
15.46-15.50	-	Марат Анашев — домбырашы. Сүгір Әлиұлы, «Ыңғай төк»
15.50-15.54	-	Нұржан Жанпейісов — әнші. Дәнеш Рақышев, «Саясында алманың»
15.54-15.58	-	Ғаламат Бейсеқожа — домбырашы. Жантөре, «Шалқыма»
15.58-16.02	-	Руслан Ахинбеков — термеші. Қайыпназар Айтпенов, «Сөйле, тілім»
16.02-16.06	-	Шыңғыс Исаев — домбырашы. Ақбала Жанғабылұлы, «Айжан қыздың жүрісі»
16.06-16.10	-	Ұлжан Байбосынова — жыршы. «Көрұғлы» жырынан үзінді

16.10-16.14	-	Тұрар Әлменов — әнші, термеші. Халық әні «Бойың талдай»
16.14-16.18	-	Асылбек Кенегесов — Қазанғап, «Табақ тарту»
16.18-16.22	-	Сәуле Жанпейісова — әнші, сазгер. Мұхит Мералыұлы, «Мұхит сал»
16.22-16.26	-	Ақжол Өсербай — әнші. Халық әні «Шекер-ай»
16.26-16.30	-	Саян Ақмолда — қобызшы. Ықылас, «Жалғыз аяқ»
16.30-16.33	-	Оразәлі Жаңабаев — әнші. Халық әні «Ғашық жар»
16.33-16.37	-	Айгүл Үлкенбаева — күйші. Дина Нұрпейісова, «Домалатпай»
16.37-16.41	-	Жәкен Омаров — әнші, термеші, сазгер. Майлықожа, «Ата-Ананың қадірі»
16.41-16.45	-	Жанғали Жүзбай — күйші. Қыздарбек, «Сылқым қыз»
16.45-16.49	-	Алмасқожа Музаппаров — әнші. Халық әні «Қиылып қасың»
16.49-16.53	-	Нұркен Әшіров — күйші, сазгер. Нұрғиса Тілендиев, «Әлқисса»
16.53-16.57	-	Гүлмира Сарина — әнші, сазгер. Тұрсынғазы Рахимов, «Аягөз Ару»
16.57-17.00	-	Батырлан Әбенов — домбырашы. Мәді Шәутиев, «Зар қосбасар»
17.00-17.04	-	Рамазан Стамғазы — әнші. Садықожа Мошанұлы, «Сағынсаң, қалқа, өзің кел»
17.04-17.08	-	Айтолқын Тоқтаған — домбырашы. Халық күйі «Ақсақ құлан»
17.08-17.12	-	Еркін Шүкіман — әнші. Біржан, «Айтбай»
17.12-17.16	-	Сәкен Тұрысбеков — күйші, композитор. С. Тұрысбеков, «Көңіл толқыны»
17.16-17.20	-	Темірбек Асқамбаев — жыршы. «Қарасай — Қази» жырынан үзінді
17.20-17.25	-	Құрманғазы «Сарыарқа». Орындайтындар: «Сүгір» атындағы ұлттық аспаптар оркестрі және барлық қатысушылар. Дирижер – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Арман Жудебаев
17.25-17.30		**Қорытынды сөз: Б. Жүсіпов** *Іс-шараның соңы*

1.2 Республикалық «Асыл мұра» дәстүрлі өнер фестивалінің бағдарламасы

Сахна тақырыпқа сай безендірілген. Сахнада LED экран эскизге сай орнатылған.

-	**«Саясында алманың»** *әні: Дәнеш Рақышевтікі* *сөзі: Құрманбай Толыбаевтікі* Орындайтын: Нұржан Қабимолдаұлы Жанпейісов
-	**«Сағынсаң қалқа өзің кел»** *Авт.: Садықожаның әні* Орындайтын: **Рамазан Өмірәліұлы Стамғазы**
-	**«Жыр бастау»** *Авт.: Алмасбек Алматов* Орындайтын: **Алмасбек Нұрмаханұлы Алматов**
-	**«Бүркітбай байдың асындағы табақ тарту күйі»** *Авт.: Қазанғап* Орындайтын: **Асылбек Асылханұлы Кенегесов**
-	**«Жыр бастау Наурызбек жырау»** *Авт.: Наурызбек жырау* Орындайтын: **Айгүл Иманқұлқызы Елшібаева**
-	**«Көрұғлы» жырынан үзінді** Орындайтын: **Ұлжан Мәлікайдарқызы Байбосынова**
-	**Исаның Желдірмесі** Орындайтын: **Ерлан Рысқалиұлы Рысқали**
-	**«Домалатпай»** *Авт.: Дина Нүрпейісова* Орындайтын: **Айгүл Нариманқызы Үлкенбаева**
-	**«Аягөз ару»** *әні: Тұрсынғазы Рахимов* *сөзі: Мұқағали Мақатаев* Орындайтын: **Гүлмира Сарина**
-	**«Көкшолақ» күйі** *Авт.: Нүркен Әшіров* Орындайтын: **Нүркен Нұрғалиұлы Әшіров**
	«Ертіс толқыны» *Халық күйі* Орындайтын: **Талғат кәріпжанұлы Мұқышев**
-	**Күй** Орындайтын: **Жанғали Жүзбай**
-	**«Аққу»** *Авт.: Сүгір Алиұлы* Орындайтын: **Жандос Құлымбетов**
-	**Ықыластың күйі «Жалғыз аяқ»** Орындайтын: **Ақмолда Саян**
-	**«Қиылып қасың»** *Халық әні* Орындайтын: **Музаппаров Алмасқожа Қарлыбайұлы**
-	**«Ыңғайтөк»**

	Авт.: Сүгір Алиұлы Орындайтын: **Марат Анашев**
-	**«Зар қосбасар»** *Авт.: Мәди Шәутиев* Орындайтын: **Абенов Батырлан**
-	**«Сөйле тіл»** *Авт.: Қайыпназар Айтпенов* Орындайтын: **Руслан Ахинбеков**
-	«Ата-ананың қадірі» *Авт.: Майлықожа Сұлтанқожаұлы, мақамы – Жәкен Омаровтікі* Орындайтын: Жәкен Омаров
-	**Күй** Орындайтын: **Еркін Шүкіман**
-	**«Ахаң Ақжелең»** *Авт.: Қ.Ахмедияров* Орындайтын: **Салтанат Құдайбергенова**
-	**«Ынтымақ қайда сонда бақ»** *Авт.: Тұрар Байсарыұлы* Орындайтын: **Ербол Халмурзаев**
-	**«Шекер-ай»** *Авт.: Халық әні* Орындайтын: **Өсербай Ақжол Исатайұлы**
-	**«Қанағат»** *Авт.: Төлеген Момбеков* Орындайтын: **Шыңғыс Исаев**
-	**«Ұлы дала толғауы»** *Авт.: Ғаламат Бейсеқожаев* Орындайтын: **Ғаламат Бейсеқожаев**
-	**«Ортаңа келді өз балаң»** *әні: С.Жанпейісова* *сөзі: Т.Айбергенов* Орындайтын: **Сауле Жанпейісова**
-	Сәкен Тұрысбеков — күйші, композитор. «Көңіл толқыны»
-	**Іс-шараның соңы** Ықылас гүлі

1.3 Іс-шараның мақсаты – дәстүрлі өнерді кеңінен насихаттау, ұлттық мәдениеттің бірегей қырларын таныту, шығармашылық қауымдастықтар арасындағы ынтымақтастықты нығайту және халықтың мәдени мұраға деген қызығушылығын арттыру.

Фестивальге дәстүрлі өнерге қызығушылық танытатын қала тұрғындары, мәдениет қызметкерлері, шығармашылық ұйымдардың өкілдері, студенттер, өнер сүйер қауым және қонақтар қатысып, іс-шараның қатысушы контингентін Қазақстан Республикасының түрлі өңірлерінен шақырылған 31 кәсіби әртіс – дәстүрлі ән, күй, терме, айтыс жанрларының орындаушылары мен ұлттық орындаушылық мектептердің өкілдері толықтырды.

Өтетін орны:	**Өтетін күні:**
Шымкент қаласы, *«Қызғалдақ» сарайы*	*27 қыркүйек,* *сағат 15.00*

1.4 Іс-шараны ақпараттық жағынан насихаттау бойынша құжаттар

Іс-шараны ақпараттық жағынан кеңінен насихаттау техникалық сипаттамаға сәйкес ұйымдастырылды. «Қазақстан телерадиокорпорациясы» АҚ келісім-шартқа сәйкес, фестивальдің толық нұсқасы түсіріліп, Abai TV арнасынан көрсетілді.

1.5 Бейнеролик мазмұны мен сценарийін, логотип, шақыру билеттері және сахна эскиздерін дайындау

Іс-шара өткізілетіні туралы бейнероликтің мазмұны мен сценарийі әзірленіп, Тапсырыс берушімен келісілді. Сонымен қатар, іс-шараның айрықша стилін айқындайтын логотип, ресми шақыру билеттерінің макеттері және сахнаны безендірудің эскиздік нұсқалары дайындалды. Барлық материалдар бірыңғай визуалдық тұжырымдамаға сай орындалды.

«Фестивальдің ресми бекітілген логотипі»

САЛТАНАТТЫ ІС-ШАРА САХНАСЫНЫҢ ЭСКИЗІ
Асыл мұра

1.6 Іс-шара өтетін аумақты безендіру эскиздері

Өтетін аумақтың жалпы дизайнерлік тұжырымдамасына сәйкес алаңды безендірудің толық эскиздері әзірленді. Эскиздерге сахналық аймақ, кіреберіс аумақ, брендтік фотозона, навигациялық элементтер және іс-шара стилистикасын айқындайтын визуалды материалдар кірді.

2. Ақпараттық сүйемелдеу

2.1 Хабарламалар мен жарнамалық материалдарды жариялау

Өнім беруші Тапсырыс берушімен келісімге сәйкес іс-шараның өткізілетіні және өткендігі туралы хабарламаларды, жарнамалық-ақпараттық материалдар мен постерлерді кемінде 5 рет жариялады. Жарияланымдар интернет ресурстарында, соның ішінде оқырман саны 100 мыңнан кем емес әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттарда орналастырылды. Барлық жарияланымдар келісілген мазмұн мен визуалдық талаптарға сай рәсімделді.

ШЫМКЕНТ
ONTÚSTIK
НОВОСТИ
ontust
ФЕСТИВАЛЬ ИСКУССТВА «АСЫЛ МҰРА»

ONTÚSTIK
НОВОСТИ
ontustiktv.kz
ФЕСТИВАЛЬ ИСКУССТВА «АСЫЛ МҰРА»

“Асыл мұра” республикалық дәстүрлі өнер байқауы

OPEN KAZAKHSTAN

“Асыл мұра” республикалық дәстүрлі өнер байқауы өтеді

Шымкент қаласы, Қаратау ауданы,

26.09.2025 - 27.09.2025 0

26-27 қыркүйек аралығында "Асыл мұра" республикалық дәстүрлі өнер байқауы өтеді.
Шымкент қаласы, Қызғалдақ сарайы.
Кіру тегін.

АСЫЛ МҰРА» ӨНЕР ФЕСТИВАЛІ

29.09.2025 21:38



Шымкентте ұлттық өнердің мерейін үстем еткен – «Асыл мұра» республикалық дәстүрлі өнер фестивалі өтті. Шымкент қаласы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылған ерекше шараға 27 өнерлі оқушы қатысып, әр өңірдің өзіне тән термелері мен күйлерін орындады. Жас өрендердің сахнадағы шынайы шеберлігі

УАКЫТ TV
УАКЫТ TV

УАКЫТ TV

2.2 Қазақ және орыс тілдеріндегі іс-шара контентін әзірлеу

Іс-шараның негізгі контенті қазақ және орыс тілдерінде әзірленіп, 3D графикалық элементтер арқылы насихаттауға бейімделді. Екі тілдегі материалдар саны 2 данадан кем емес көлемде дайындалып, іс-шараның ақпараттық сүйемелдеуінде пайдаланылды.

2.3 3D графикадағы жарнамалық роликтер

Өнім беруші іс-шара атауы көрсетілген 3D графикада модельдеу, рендеринг және композитинг тәсілдері арқылы ұзақтығы 1 минуттан кем емес жарнамалық роликтер әзірледі. Тапсырыс берушінің келісімі бойынша роликтер әлеуметтік желілерде (Instagram, Facebook және т.б.), ақпараттық порталдарда, интернет сайттарда жарияланды.





2.4 Жарнамалық роликтерді жергілікті телеарнада көрсету

Іс-шараны насихаттауға бағытталған жарнамалық роликтер Тапсырыс берушінің келісімімен Шымкент қаласының кемінде 95% қамтитын жергілікті телеарнада 10 күн бойы, күніне 3 реттен кем емес, әрқайсысы 30 секундтан кем емес форматта көрсетілді.

2.5 Баннерлерді дайындау

Баннер эскиздері Тапсырыс берушімен алдын ала келісілді, өлшемдері қосымшаға сәйкес белгіленді.

3. Іс-шараны өткізу бойынша қызмет көрсету кестесін дайындау бойынша атқарылған жұмыс

Тұжырымдама, бағдарлама және сценарийді әзірлеу

Қызмет көрсету кестесіне сәйкес фестивальдің тұжырымдамасы, бағдарламасы және сценарийі (1.1, 1.2 пунктілері) әзірленді. Барлық материалдар іс-шараның мазмұнына, форматына және эстетикалық талабына сай жасалып, Тапсырыс берушімен толық келісілді.

Іс-шараның мазмұндық құрылымы алдын ала бекітілген кестеге сәйкес әзірленіп, барлық шығармашылық бөлімдер біріктіріліп, біртұтас стильде ұсынылды.

Сонымен қатар, Өнім беруші тарапынан қонақтар тізімі Тапсырыс берушімен келісілді, шақырылған арнайы қонақтар мен қатысушылар саны нақтыланды. Бұл өз кезегінде логистиканы, отырғызу сызбасын, қабылдау аймағындағы ұйымдастыру жұмыстарын дұрыс жоспарлауға мүмкіндік берді.

3.3 Ақпараттық мәтіндер жобасын дайындау бойынша атқарылған жұмыстар

Өнім беруші ақпараттық материалдардың барлық түрін алдын ала әзірлеп, оларды Тапсырыс берушімен белгіленген мерзім ішінде келісіп шықты. Мәтіндердің мазмұны, стилі және форматы техникалық талаптарға толық сәйкестендіріліп, іс-шараның ақпараттық сүйемелдеу деңгейі жоғары дәрежеде қамтамасыз етілді.

- Іс-шараның мақсаты, маңызы, өткізілу орны, негізгі мазмұны және күтілетін нәтижелері көрсетілген баспасөз-релизінің жобасы қазақ және орыс тілдерінде әзірленді. Мәтін публицистикалық стиль нормаларына сай

жазылып, терминологиясы мен сөйлем құрылымдары ресми-ақпараттық форматқа бейімделді. Әзірленген баспасөз-релизі іс-шара басталғанға дейін 15 күн бұрын Тапсырыс берушіге ұсынылып, дер кезінде келісілді. Бекітілген материал бұқаралық ақпарат құралдарына таратуға дайын күйінде рәсімделді.

- Фестивальдің салтанатты ашылу бөлігі үшін кіріспе және құттықтау сөздердің мәтіндері дайындалды. Мәтін публицистикалық стиль талаптарына сай, тілдік және грамматикалық нормаларды сақтай отырып жазылды. Бұл мәтіндер де іс-шараға дейін 15 күн бұрын Тапсырыс берушіге жолданып, толық көлемде келісілді. Сөз сөйлеу мәтіндері іс-шараның идеясын, ұлттық мұраны дәріптеу мақсатын және фестивальдің мәдени маңызын айқын көрсетуге бағытталған.
- Фестивальдің ақпараттық қамтылуын қамтамасыз ету мақсатында толық медиа-жоспар әзірленді. Жоспарда іс-шараның ауқымдылығы, ақпараттық контенттің тақырыптық құрылымы, жарияланымдардың кезеңдік уақыты және медиа арналары нақты көрсетілді. Медиа-жоспар Тапсырыс берушімен келісіліп, бекітілген жоспар бойынша ақпараттық материалдардың таратылуы жоспарлы түрде жүргізілді.

3.5. Іс-шараның көрнекі және имидждік жұмыстарын жүргізу бойынша атқарылған жұмыстар

Фестивалді ұйымдастыру барысында іс-шараның имидждік, көрнекілік және шығармашылық бөліктерін толық қамтамасыз ету мақсатында Өнім беруші кешенді жұмыстар жүргізді. Барлық талаптар Тапсырыс берушімен алдын ала келісіліп, фестивальдің деңгейіне сай жоғары сапада орындалды.

- Жүргізушілерді қамтамасыз ету

Фестивальдің ресми бөлімін жүргізу үшін қазақ және орыс тілдерінде еркін сөйлейтін, белгілі фольклорист, өнертану кандидаты Берік Жүсіп пен Сымбат Қанатқызы болды. Олар әрбір шығарманың тарихи және мағыналық негіздерін ашып, концерттік бағдарламаны кәсіби түрде жүргізді. Олардың:

- гонорары,
- жол шығындары,
- 5 жұлдызды қонақ үйдегі орналастырылуы,
- тәуліктік тамақтануы

толық көлемде қамтамасыз етілді.

Жүргізушілердің киім үлгілері іс-шараның сахналық стиліне сәйкестендіріліп, костюмдер Тапсырыс берушімен алдын ала келісілді.

- Дайындық кезеңін ұйымдастыру

Өнім беруші фестиваль тақырыбына сәйкес барлық дайындық шараларын Тапсырыс беруші айқындаған мерзімнен бастап жүйелі түрде жүргізді. Дайындық кезеңінде шығармашылық топтармен, техникалық мамандармен, әртістермен және қатысушы ұжымдармен күнделікті үйлестіру жұмыстары атқарылды.

- Фойедегі фольклорлық ансамбльді орналастыру

Концерттік бағдарлама басталғанға дейін ғимараттың фойе бөлігінде қонақтарды қарсы алу үшін фольклорлық ансамбль орналастырылды. Ансамбль ұлттық әуендер орындап, фестивальдің рухын танытатын атмосфера жасады.

- Техникалық райдердің орындалуын қамтамасыз ету

Келісімшартқа сәйкес техникалық райдердегі барлық талаптардың орындалуы толық қамтамасыз етілді. Дыбыс, жарық, сахналық жабдықтар, бейнепроекция және арнайы техникалар толық тексеруден өткізіліп, кәсіби мамандардың бақылауымен қолданылды.

- Шығармашылық ұжымдар мен әртістерді тарту

Іс-шараға жергілікті мәдени-шығармашылық ұжымдармен қатар:

- дәстүрлі, эстрадалық және классикалық бағыттағы әншілер,
- би ансамбльдері,
- аспаптық оркестрлер

жұмылдырылды.

Фестиваль бағдарламасына 31 танымал дәстүрлі және эстрада жұлдыздары, сондай-ақ танымал жыршылар мен айтыскер ақындар қатысты.

Олардың:

- гонорары,
- әуе билеттері,
- жол шығындары,
- 4–5 жұлдызды қонақ үйдегі жатын орны,
- тәулігіне үш мезгіл тамақтануы

толық қамтамасыз етілді.

Барлық әртістер жанды дауыста, оркестр және ансамбльдермен бірге өнер көрсетті.

Фестиваль қатысушылар тізімі

№	Аты-жөні	Қаласы	Қызметі, дәрежесі	Суреті
1	Байбусынова Улжан Маликайдаровна	Алматы қаласы	Жыршы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері	

2	Мукышев Талгат Карипжанович	Алматы қаласы	Мәдениет қайраткері, «Құрмет» ордені иегері, сыбызғышы	
3	Джампеисов Нуржан Кабимолдаевич	Алматы қаласы	Дәстүрлі әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері	
4	Сарина Гулмира Айымгазыевна	Астана қаласы	Дәстүрлі әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері	
5	Кенигесов Асылбек Асылханович	Алматы қаласы	Мәдениет саласының үздігі, күйші	

6	Кудайбергенова Салтанат Аскеновна	Алматы қаласы	Мәдениет саласының үздігі, күйші	
7	Аширов Нуркен Нургалиевич	Алматы қаласы	Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, күйші	
8	Тұрысбек Секен Кәрімұлы	Алматы қаласы	Халық әртісі, күйші	

9	Жүзбай Жанғали Әлімханұлы	Астана қаласы	Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, күйші	
10	Абенов Батырлан Алкенулы	Астана қаласы	Мәдениет саласының үздігі, күйші	
11	Тоқтаған Айтолқын Айтжанқызы	Астана қаласы	Күйші	

12	Чукманов Еркин Турсынгалиевич	Алматы қаласы	Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, дәстүрлі әнші	
13	Улкенбаева Айгул Наримановна	Алматы қаласы	Халық әртісі, күйші	
14	Акмолдаев Саян Досмахамбетович	Алматы қаласы	Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, күйші	
15	Бейсеқожа Ғаламат Саттарұлы	Астана қаласы	Күйші	

16	Стамғазы Рамазан Өмірәліұлы	Алматы қаласы	Халық әртісі, дәстүрлі әнші	
17	Жанпеисова Сауле Стаханшыловна	Алматы қаласы	Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, дәстүрлі әнші	
18	Рысқали Ерлан Рысқалиұлы	Астана қаласы	Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, дәстүрлі әнші	

19	Алмас Алматов	Астана қаласы	Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жыршы	
20	Омаров Жакен Казбекович	Алматы қаласы	Өнер қайраткері, термеші	
21	Ельшибаева Айгул Иманкуловна	Астана қаласы	Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, дәстүрлі әнші	
22	Асқамбаев Темірбек Ерсайынұлы	Ақтау қаласы	Дәстүрлі әнші	

23	Халмурзаев Ербол Байзахович	Шымкент қаласы	Дәстүрлі әнші	
24	Ахинбеков Руслан Базарбаевич	Шымкент қаласы	Термеші	
25	Анашев Марат Ильясұлы	Шымкент қаласы	Күйші	

26	Исаев Чингис Бориевич	Шымкент қаласы	Күйші	
27	Құлымбетов Жандос Қалдыбайұлы	Шымкент қаласы	Күйші	
28	Мұзаппаров Алмасқожа Қарлыбайұлы	Шымкент қаласы	Дәстүрлі ән	

29	Өсербай Ақжол Исатайұлы	Шымкент қаласы	Дәстүрлі ән	
30	Жаңабаев Оразәлі Бауыржанұлы	Шымкент қаласы	Күйші	
31	Алменов Тұрар Теміржұлы	Оңт-Қазақстан	Дәстүрлі әнші, термеші	

«Qainar» бес жұлдызды қонақүйінде жайлы тұру, үш уақыт тамақтандыру және келісімшарт талаптарына сәйкес гонорарлар.



TASSAY
TASSA

KAINAR

TARY

- Фестивальдің дайындық және өткізу кезеңдерінде:
- концерт индустриясында тәжірибесі бар режиссер,
- хореограф,
- дыбыс режиссері,
- жарық беру маманы толық жұмыс істеді.

- Концерттік бағдарламаны дайындау

Концерттік бағдарлама:

- дәстүрлі әндер,
- заманауи эстрадалық бағыттағы шығармалар,

Бағдарламада 30-дан астам концерттік номер болды, әр әнге арнайы хореографиялық композициялар қойылды.

- Фестивальдің ашылуы

Іс-шара тақырыптық, мерекелік пролог басталды, кейін жоғары деңгейдегі концерттік бағдарламаға ұласты. Ашылу бөлімі көркемдік тұрғыда тұтас бір композиция ретінде жасалып, фестивальдің жалпы атмосферасына үйлесімді әсер берді.

3.7. Сахна эскиздерін дайындау және авторлық басшылық бойынша атқарылған жұмыстар

Фестивальдің көркемдік деңгейін жоғарылату мақсатында Өнім беруші сахналық композицияға толық авторлық басшылық жасады және барлық қажетті сахна эскиздерін әзірледі.

Сахналық дизайнның жеке элементтерінің эскиздері авторлық топ тарапынан графикалық, бейнелеу түрінде толық әзірленіп, Тапсырыс берушімен келісілді. Эскиздерде сахнаның құрылымы, декоративтік элементтердің орналасуы, түстердің сәйкестігі және көркемдік тұтастығы сақталды.

Сахнаның көркемдік шешімі фестиваль концепциясын толық ашып, іс-шараның атмосферасын қолдауға бағытталды.

3.8. Іс-шара өтетін аумақты безендіру бойынша атқарылған жұмыстар

Іс-шара өтетін аумақты жоғары деңгейде безендіру жұмыстары алдын ала жасалған эскиздер негізінде өткізілді. Өнім беруші безендіру эскиздерін Тапсырыс берушімен дер кезінде келісіп, барлық декоративтік элементтерді фестиваль тақырыбына сәйкестендірді.

Безендіру барысында:

- пропорциялары сақталған әсем контурлар,
- арнайы дайындалған эксклюзивті декорациялар,
- авторлық элементтер

орнатылды. Барлық орнатылған элементтердің эскиздері есепке тіркелді.

Сахна алды келісілген өлшемдегі тірі гүл шоқтарымен безендірілді. Гүл композициялары іс-шараның эстетикалық стиліне сай таңдалып, жалпы көркемдік шешіммен үйлестірілді.
Сахна толықтай іс-шарадан бір күн бұрын дайындалып, соңғы техникалық және шығармашылық репетиция өткізілді. Дайындық жұмыстары ерекшеліктері мен орналасу реттілігіне сай кәсіби деңгейде орындалды.

3.9. Сахнаны жарық техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету бойынша атқарылған жұмыстар

Фестиваль барысында сахна жоғары деңгейдегі жарық техникаларымен қамтамасыз етілді. Өнім беруші жарық жабдықтарын жеткізу, монтаждау, іске қосу, қызмет көрсету, техникалық бақылау және іс-шарадан кейін бөлшектеу жұмыстарын толық орындады.
Пайдаланылған жарық жүйесі:

- жарық консольдері,
- сигнал күшейткіштері,
- желілік жабдықтар,
- роботтандырылған жарықтандыру құрылғылары (газ разрядты және жарықдиодты),
- фронттық, контрлік және бүйірлік жарық жүйелері,
- арнайы эффектілерге арналған жарық кешендері

арқылы қамтамасыз етілді.
Жабдықтардың саны мен түрі сахна көлеміне және фестивальдің көркемдік-өндірістік жобасына байланысты анықталып, Тапсырыс берушімен толық келісілді.
Қолданылған негізгі жарық құрылғылары:

- Жарықдиодты айналмалы бас — тар сәулелі және құю эффектілері бар, түстердің кең палитрасы және біртекті түс синтезі қамтамасыз етілді;
- Жарықдиодты прожекторлар — айналмалы бас, CMY түстерді араластыру жүйесі, графикалық проекциялық эффектілер және айқын профильді сәулелер қолданылды;
- Қашықтан басқарылатын жарық пульті — барлық жарық сценарийлерін басқару үшін пайдаланылды;
- Түтін-тұман генераторлары (HAZER-600);
- Желдеткіштер.

Бұл техникалық құрылғылар фестивальдің драматургиясына сай жарық көріністерін жасауға, сахнаның визуалды әсерін күшейтуге және көрерменге жоғары деңгейдегі визуалды тәжірибе ұсынуға мүмкіндік берді.

3.10. Фотоаймақтарды дайындау

Фестиваль қонақтарына арналған визуалды аймақтарды ұйымдастыру мақсатында екі тақырыптық фотоаймақ толық дайындалды.

1. Металл каркаспен жасалған баннерлі фотоаймақ
   — жалпы аумағы кемінде 12×4 метр,
   — жарық шамдарымен әрленген,
   — конструкцияның беріктігі мен қауіпсіздігі сақталды.

2. LED-экран
   — ұзындығы 5 метр,
   — биіктігі 4 метрден кем емес,
   — жалпы аумағы 20 м²-ден кем емес LED-экранмен жабдықталды.

3.11. 100 дана раушан гүлін (розаны) қамтамасыз ету

.

3.12. Видеоконтент пен графиканы дайындау

Тапсырыс беруші бекіткен бағдарламаға сәйкес барлық видеоконтент, сахналық видеороликтер, кіріспе видеоряд, бейнеграфикалық элементтер және визуалды эффектілер әзірленді.

Контент жоғары ажыратымдылықта жасалып, LED-экрандар мен мультимедиялық жабдықтарға бейімделді. Видеоматериал фестивальдің концепциясына және сценарийіне толық сай болды.

Асыл мұра

БӘЙДІБЕК

3.15. Іс-шараны мультимедиялық жабдықтарды орнату

Мультимедиялық жабдықтар жалға алынып, орнатылды:

- LED Absen P5 панельдері (500×500 мм, 96×96 нүкте ажыратымдылығы),
- қажетті ферма конструкцияларына бекіту,
- экранның жалпы көлемін фестиваль талаптарына сәйкестендіру.

Барлық құрылғылар техникалық сынақтан өткізілді.

3.16. Музыкалық аппаратура, жарық, дрон түсірілімі және LED-экран жұмыстары

Іс-шараны өткізу үшін қажетті барлық музыкалық аппараттар, сахналық акустика, микшерлік жүйе, жарықтандыру құралдары және LED-экрандар толық көлемде орнатылды.

Жұмыс барысында:

- монтаж,
- техникалық дайындық және репетициялар,
- жабдықтарды тасымалдау,
- жүйелердің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету толық жүзеге асырылды.

Фестиваль барысы кәсіби деңгейде дронмен, фотоаппараттармен және бейнекамералармен түсірілді. Барлық маңызды сәттер архивке жазылды, фото-видео материалдар өңделді.

3.17. Іс-шараның техникалық қамтамасыз етілуі

Іс-шара мен концерттік бағдарламаның ерекшеліктерін ескере отырып, алаң толық көлемде кәсіби техникалық жабдықтармен қамтамасыз етілді. Дыбыс жабдықтары қойылған талаптарға сәйкес орнатылды: қуаты 20 кВт-тан төмен емес акустикалық жүйелер орнатылып, дайындық кезеңін қоса есептегенде, барлық дыбыс құрылғылары тұрақты әрі сапалы жұмыс істеп тұрды.

Сахналық құрылым толық жиналып, қажетті конструкциялық фермалар, электр лебедкалар және подиумдар орнатылды. Атап айтқанда:

- Шаршы алюминий фермасы болтты қосылыммен, ұзындығы 3 м, қалыңдығы 5 мм материал негізінде жалпы ұзындығы 50 м көлемінде құрастырылды;
- Сахналық подиумдар 2х1 өлшемімен – 24 дана, тұтас алаң ретінде орнатылды;
- Қосымша биіктікті қажет ететін аймақтарды қамтамасыз ету үшін биіктігі 1000–1400 мм аралығында реттелетін 10 машиналық платформа пайдаланылды.

Сахналық құрылымның қауіпсіз және сенімді жұмыс істеуі үшін электр шынжырлы жүкшығыр (лебедка) қолданылды. Әр құрылғы 1000 кг көтеру күшіне ие болып, 400В тікелей басқару жүйесімен жұмыс істеді. Әрқайсысы:

- бір тізбекті,
- 7х22 мм жүк тізбегімен,
- 12,5 м ұзындықтағы тізбекпен,
- айналмалы ілгектерімен,
- шамадан тыс жүктемеден қорғау муфталарымен,
- IP54 деңгейіндегі қорғанысымен

қамтамасыз етілді.

Жұмыс барысында барлық механизмдер техникалық регламентке сай іске қосылып, монтаж, демонтаж, тасымал және репетициялық процестер толық орындалды.

Іс-шараның мазмұндық және ұйымдастырушылық бөлігін қамтамасыз ету мақсатында барлық полиграфиялық өнімдер жоғары сапада басып шығарылды:

- Шақыру билеттері – фактуралы глянцевый қағазда, қалыңдығы 250–280 г/м², арнайы конвертімен, 200 данадан кем емес;
- Ұйымдастырушылар мен қатысушыларға арналған бейджде – А6 форматында, 280–300 г колотек қағазында, 4+4 басылымда, екі жақты ламинациямен, карабинге тесілген, бау түсі тапсырыс берушімен келісілген, 10 дана;
- Дайджест/Бағдарлама – А4 форматында, мұқабасы 160–200 г, ішкі беттері 100–120 г қағазда 4+4 бояуда басылып, 50 дана дайындалды;
- Папкалар – А4 форматында, жібек/гравировка/қағаз кірістіру тәсілімен, логотиппен, припресс (матовый/глянцевый) өңдеуімен, 2 данадан кем емес;

4. Іс-шараның есептілігіне қойылатын талаптардың орындалуы

4.1. Есептілік материалдарын дайындау және тапсыру

Іс-шараның толық өту барысы фото және видео форматтарында толық көлемде түсірілді. Барлық түсірілім материалдары өңделіп, реттеліп, шығармашылық есеп үшін пайдаланылды.

Шығармашылық есеп түрлі-түсті альбом форматында, 20 беттен асатын А4 көлемінде, сапалы переплетпен дайындалып, тапсырыс берушіге мақалалық-иллюстрациялық мазмұндағы толық есеп ретінде ұсынылды. Сонымен қатар іс-шараның толық видео есебі дайындалып, электронды түрде және тасымалдағышта тіркеліп өткізілді.

Барлық есептік құжаттар, фото-видео материалдар, шығармашылық баяндама қағаз нұсқасында да басып шығарылып, белгіленген талаптарға сай ресімделіп тапсырылды.

4.2. Растайтын құжаттарды және материалдарды тіркеу

Іс-шара барысында қолданылған барлық материалдар, оның ішінде:

- эскиздер,
- макеттер,
- баннер нұсқалары,
- дизайн элементтері,
- полиграфиялық өнімдердің үлгілері,
- техникалық және жарықтық жабдықтардың сипаттамалары

— толық жинақталып, түпнұсқа немесе бір даналық үлгі түрінде регистр-папкаға салынып, есепке тіркеліп өткізілді.

Жоғарыда қойылған талаптардың орындалуын растайтын барлық құжаттар, шот-фактуралар, келісімдер, техникалық сипаттамалар мен фото-видео айғақтар толық көлемде ұсынылды.

4.3. Іс-шара мерзімі мен орнына енгізілген өзгерістер тәртібі

Іс-шараның өту күні, уақыты және орны екі тараптың алдын ала келісімі бойынша айқындалды.

Ескерту шарттарының орындалуы

Іс-шара өткізу кезінде барлық санитарлық нормалар толық сақталды. Өнім беруші барлық жұмыстарды, материалдарды, жабдықтарды және тасымалдауды өз есебінен қамтамасыз етті.
Іс-шараның дизайны, эскиздері және барлық техникалық шешімдері алдын ала Тапсырыс берушімен келісілді.
Командалық құрам жоба мазмұнымен толық танысып, тапсырмаларды талапқа сәйкес орындады.

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Республикалық «Асыл Мұра» фестивалін ұйымдастыру

Өтетін күні: 27 қыркүйек 2025 жыл
Басталу уақыты: 15:00
Өтетін орны: «Қызғалдақ» сарайы, Шымкент қаласы
Ұйымдастырушы: Шымкент қаласы әкімдігі

Шымкент қаласындағы «Қызғалдақ» сарайында екі күн қатарынан өткен «Асыл мұра» Республикалық дәстүрлі өнер фестивалі өз мәресіне жетті. Көпшілікке мол рухани азық сыйлаған тағылымды шара шымкенттік көрерменнің ыстық ықыласы мен зор қошеметіне бөленді.

Фестивальдің шымылдығы «Шымкент концерт» концерттік ұйымының Қазақ ұлт-аспаптар оркестрімен ашылды. Оркестрге ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ректоры Арман Жүдебаев дирижерлік етті. Бағдарлама барысында көрермендерге Нұрғиса Тілендиевтің «Махамбет» күйі мен Құрманғазының «Сарыарқа» күйі ұсынылып, тыңдармандарға ұмытылмас әсер сыйлады.

Үш сағатқа созылған концертте қазақтың төл өнері – дәстүрлі ән, күй, жыр жанрында 30-ға жуық елімізге танымал өнерпаздар сахнаға шығып, ұлттық өнердің бай мұрасын насихаттады.

Фестивалді белгілі фольклортанушы ғалым Берік Жүсіп жүргізіп, әрбір өнерпаздың шығармашылығына тоқталып, орындалған туындылардың тарихи негізін, дара болмысын көрерменге кеңінен таныстырып, айшықтап жеткізді.

Фестиваль барысында Қазақстанның халық әртістері Айгүл Үлкенбаева, Секен Тұрысбеков, Рамазан Стамғазиев сынды өнер тарландарын көрермен ерекше ықыласпен қарсы алды. Сонымен қатар, көрерменін көптен бері сағындырған күміс көмей әншілер Гүлмира Сарина, Сәуле Жанпейісова, Айгүл Елшібаева сынды өнер саңлақтары ұлттық әндерімізді әуелете шырқап, көрерменнің қошеметіне бөленді.

Шымкент қаласы әкімдігінің қолдауымен өткен бұл фестиваль – дәстүрлі өнерді ұлықтаудағы жылдың ең маңызды әрі игі бастамалардың бірі болды. «Асыл мұра» ұлттық өнердің асыл арқауын бүгінгі ұрпақпен қайта қауыштырған айтулы шара ретінде көптің есінде қалғаны белгілі.